

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

19 қаңтар 2018 жыл

"Қазақстан қор биржасы" (KASE) 2017 жылдағы биржалық қор нарығының негізгі жұмыс қорытындылары туралы хабарлайды.

- 2017 жылда биржалық сауда-саттықтың жалпы көлемі 151, 5 трлн теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 60,3 %-ға артты. Бұл Биржаның тарихындағы рекордтық көрсеткіш болып табылады.
- KASE Индексінің мәні, тоғыз жылдық максимумды жаңартып, 59 %-ға 2 162,69 нүктеге дейін өсті.
- Корпоративтік облигациялар нарығының капиталға айналуы бір жылда 20 %-ға өсіп, тарихи максималды мәні 17,1 трлн теңгеге жетті.
- 2018 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 110 эмитент шығарған 127 атаудағы акциялар (тарихи максимум) және 66 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 262 шығарылымы болды.
- 2018 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған шоттардың саны 2017 жылдың басынан 3 926 шотқа артып, 109 245 жетті.

Өзекті жобалар мен іс-шаралар

2017 жылы KASE 2016-2018 жылдарға Даму стратегиясын іске асыру бойынша жұмысын мынадай өзекті бағыттар бойынша жалғастырды: биржалық нарықты дамыту, Биржаның және оның қызметтерінің клиенттерге бадарлануын арттыру, биржалық бизнестің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Осылайша, 2017 жыл барысында Биржадағы сауда-саттыққа, ЕАЭО кеңістігін өкілдейтін, үш жаңа қатысушы жіберілді. 2017 жылдың ақпан айынан бастап шетел валюталарының нарығында Мемлекетаралық банк жұмыс жасай бастады, ал Еуразиялық банк қор нарығындағы сауда-саттыққа жіберілді. "УНИВЕР Капитал" ЖШҰ 2017 жылдың сәуірінен бастап, қор нарығына рұқсаттама алған, бірінші шетелдік брокер болды.

2017 жылы Биржа Bank of China limited банкімен екі елдің ұлттық қаржы нарықтарының өзара әрекеттестігін дамыту мақсатында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

2017 жылдың 20 ақпанынан бастап Биржа Қытай Халық Республикасының юанінің Т+1 сызбасы бойынша KZT-мен (CNYKZT_TOM) сауда-саттығы ашылды, ал 2017 жылдың 14 қыркүйегінде Т+2 сызбасы бойынша қытай юанінің KZT-мен (CNYKZT_SPT) сауда-саттығы ашылды.

2017 жылдың 29 наурызынан 26 сәуіріне дейін KASE "Биржевой стимулятор" республикалық студенттік байқауын өткізді. Байқауға 1 500 студент қатысты, жалпы сомасы 6,876 млрд. теңгеге 16 277 мәміле жасалды. Жүлде қоры 1 млн. теңге құрады.

2017 жылдың басында KASE Қазақстанның Даму Банкімен (ҚДБ) "Ұлттық чемпиондар" бағдарламасына қатысушы облигацияларға ҚДБ қаржыларын инвестициялау тақырыбына кездесу өткізілді. 2017 жылдың бірінші тоқсанында ҚДБ өзінің ішкі құжаттарына, банкке эмитент облигацияларды орналастырудан түскен қаржыларды белгілі бір шарттармен инвестициялық жобаларды іске асыруға жолдау шартымен, банкке облигациялар сатып алуға мүмкіндік беретін, түзетулер енгізді.

2017 жылдың екінші жарты жылдығында экспортқа бағдарланған компаниялардың, дефолт тәуекелінен сақтандырумен қамтамасыз етілген, облигацияларын сатып алу арқылы ҚДБ қорландыруы туралы алдын ала келісімге қолжеткізді. Осы кезде ҚДБ инвестициялық қызметті реттейтін, нормативтік құжаттарына тиісті өзгертулер енгізу бойынша іс-шараларды жүргізіп жатыр.

2017 жыл барысында Биржа Қазақстан қаржыгерлерінің Ассоциациясы (ҚКА) алаңында жобалық кеңселерде жұмысын жалғастырды. Осы жұмыстың нәтижесі бағалы қағаздар нарығы бойынша заң жобасының соңғы нұсқасына енгізілген, нормалар мен түзетулер борлды қазақстандық компаниялар шығарған, облигациялар бойынша субсидияланған купондық мөлшерлеменің механизмін енгізу үшін Кәсіпкерлік кодекске; пайлық инвестициялық қорлардың пайдары бойынша кірістерге салық салмау туралы Салықтық кодекске; ЖШС АҚ-ға қайта құруды жеңілдететін, нормалар; эмитенттердің ақпараттар ашуын оңтайландыру бойынша нормалар; инвесторлардың (акциялар иелерінің) құқығы мен мүддесін қорғау бойынша нормалар; акционерлік қоғамда корпоративтік басқаруды жақсарту бойынша нормалар.

Өткен жылдың мамыр айында KASE БАҚ үшін биржалық нарықтың көрсеткіштері мен даму трендтері туралы ай сайынғы медиа-брифинг форматын іске қосты.

2017 жылдың 01 маусымынан бастап Биржа листингтің трансформациясын өткізді, соның нәтижесінде KASE ресми тізімінің құрылымы үш сауда-саттық алаңға бөлінді "Негізгі", "Альтернативті" және "Аралас". Осындай бөлудің арқасында кіші және орта капитализациясы бар компанияларға Биржаға жеңілдетілген қолжетімдікке, ал инвесторларға – саудаланатын қаржы құралдарының өтімділігі мен тәуекелінің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. 2017 жылы валюталық нарықтағы тәуекел-менеджмент жүйесінің модернизациясы бойынша жобаның іске асырылуы және орталық қарсы агенттің (ОҚА) кезең-кезеңімен іске қосу бекітілді. Жұйырдағы жылдар барысында ОҚА қор және ақша нарығында қолдану тұспалданады.

2017 жылдың басынан бастап Биржа Қазақстанның түрлі аймақтарының компанияларымен 50-ден астам кеңес берушілік кездесулер өткізді. Компаниялардың қазіргі жалпы базасы 1 072 компания, олардың 10 астам компаниясы, Биржаның листингтік талаптарға сай келетін, әлеуетті эмитенттер базасына енгізілді.

Биржаның "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен ынтымақтастық шегінде өткен жылы Қызылорда, Алматы облыстарында, Солтүстік-қазақстан және Ақмола облыстарында, Шымкент, Ақтау, Петропавловск, Талдықорған қалаларында көпшілікке кеңес берушіліктер өткізілді. Осы іс-шаралардың мақсаты қор нарығының қосымша қаржыландыру турату үшін ашатын мүмкіншіліктері туралы аймақтағы кәсіпкерлер мен бизнес жетекшілерін ақпараттандыру болып табылды. Биржа 2017 жылы листингтік компаниялар үшін "Қор нарығының негіздері", "Корпоративтік басқару негіздері және "Инвесторлармен жіне мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу негіздері" тақырыптарына бірқатар семинарлар ұйымдастырды. Биржаның осы бағыттағы белсенділігі жуырдағы 2-3 жылда толыққанды нәтиже береді.

2017 жылдың қыркүйек айында шыққан, FTSE Russell (Financial Times Stock Exchange group) Кеңес берушілік комитетінің жыл сайынғы шолуында Өзақстан Республикасына FTSE елдік классификациясы шегінде Frontier market мәртебесі берілгендігі туралы жарияланды.

2017 жылдың 02 қазанынан бастап KASE негізгі саудасаттық алаңының индикаторларын есептейді (KASE_BM* сериясы) – KASE_BMC таза баға индексі және KASE_BMY кірістілік индикаторы; сондай-ақ альтернативті сауда-саттық алаңының индикаторы (KASE_BA* сериясы) – KASE_BAC таза баға индексі және KASE_BAY кірістілік индикаторы.

2017 жылы Биржаның ақпараттық өнімдерінің саны 12 жетті. 6 жаңа ақпараттық өнім енгізілді, олардың ішінде – ақпаратты Non-display жүйесінде қолдану / Туынды ақпаратты жасау, Биржа мүшелеріне ақпараттар ұсыну, IRIS Finance ақпараттық терминалы, KASE жаңалықтары және Telegram қосымшасындағы @KASEInfoBot ақпараттық арнасы.

2017 жылдың 03 қазанында KASE жас компаниялардың қаржы тартуы үшін алаң құру – start-up (старт) жобаларының алаңын құру бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған жетекші қазақстандық бизнес-инкубаторлармен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Алаңды 2018 жылы құру жоспарланды.

2017 жыл барысында валюталық нарыққа қатысушылар үшін маржалық және кепілдік жарналар енгізілді. Бастапқы кезеңде, Биржаның Шетел валюталары нарығы жөніндегі комитет соларға қатысты сатылатын және/немесе сатып алынатын шетел валютасына төлемді, барлық шетел валюталары бойынша жайғасым ашу шектелімдері белгіленіп, мерзімдік жеткізілім белгіленген, клирингтік қатысушылар үшін (2017 жылдың ақпаны), қосымша қорғау деңгейі – клирингтік қатысушының жайғасымын ашу шектелімі енгізілген. Сондай-ақ, T+2 тәртіптемесі қолданылатын, қор нарығының өтімдері мен мәмілелері бойынша маржалауды жүйесін жетілдіру шегінде бірыңғай шектелім механизмі әзірленді.

2017 жылдың соңында он брокерлік компанияның қолдауымен, KASE акциялар нарығындағы бөлшек инвесторлар арасында байқау өткізді. Байқауға 1 808 адам (2016 жылы – 1 046 адам)

қатысты. Байқау өткізу кезеңінде қатысушылар сомасы 1,5 млрд теңгеден астам (2016 жылы – 753 млн теңге) сомаға 12 224 мәміле жасасты, бұл KASE Индексінің өкілетті тізімінің акцияларымен сол кезеңде KASE сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелердің жалпы санынан 42 % құрады. Байқау кезіндегі мәміле жасасқандағы ең үздік кірістілік 18,9% құрады.

Биржалық нарықтың негізгі көрсеткіштері

KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2017 жылы 151, 5 трлн теңгені қрап, 2016 жылмен салыстырғанда 60,3 % немесе 57,0 трлн теңгеге өсті. Барлық нарықтар оң динамиканы көрсетті: бағалы қағаздар нарығы – 3 есе (көлемі – 3 450,4 млрд теңге), ақша нарығы – 64 %-ға (көлемі – 135 726,4 млрд теңге), шетел валюталарының нарығы – 17,6 %-ға (көлемі – 12 321,5 млрд теңге). Деривативтер нарығында мәмілелердің көлемі 22,1 млрд теңгені құрады, ал 2016 жылы 1,8 млн теңге болған.

Акциялар нарығы

2017 жылдың соңында Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 110 эмитенттің 127 атаудағы акциялары болды, соның ішінде листинглік емес алаңда – 7 компанияның 7 атаудағы акциясы. Есеп берушілік жылдың басынан бастап акциялар нарығының капитализациясы 2 850 млрд теңгеге немесе 20 % қсіп, тарихи максимумына жетіп, 17,1 трлн теңгені құрады.

Акциялар сауда-саттығының жалпы көлемі 2017 жылы 269,4 млрд теңгеге жетіп, 2016 жылмен салыстырғанда 7,7 % артты. Өтімділік көрсеткіштері де өсім көрсетті: KASE қайталама нарығындағы орташа күндік сауда-саттықтың жалпы көлемі 1,1 млрд теңге жетті, орташа күндік мәмілелер саны өткен жылмен салыстырғанда 94,2 %-ға қсіп 454 жетті.

Бастапқы нарықтың көлемі "Астана Банкі" АҚ және "БАСТ" АҚ орналастырулары арқасында 7,6 млрд теңгеге жетті. Астана Банкі IPO шегінде Биржада 5 652 174 жай акциясын орналастырды, олардың сомасы 6,5 млрд теңге құрады, сұраным ұсынымнан 16 % артты. Брокерлік компаниялар тарапынан сұраным 231,2 млн теңгені құрады (барлық сұраныстың 3,1 %), өзге заңды тұлғалар тарапынан – 325,3 млн теңге (4,3 %), жеке тұлғалар тарапынан – 6 993,1 млн теңге (92,6 %) болды.

"БАСТ" АҚ IPO шегінде 36 886 акциясын 30 500 теңгеден орналастырды, орналастыру үлесі – акциялардың жалпы санынан 15,4 % (239 837 дана) құрады, көлемі – 1,12 млрд теңге. Берілген өтімдердің жалпы сомасы 1,16 млрд теңге болды, бұл 38 039 акцияны құрайды. Жеке тұлғалардың үлесінде – 96,5 %, заңды тұлғалар – 3,5 %.

Қайталама нарықтың көлемі 261,8 млрд теңгеге дейін (+5 %) өсті. Акциялар нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ең белсенді жеке тұлғалар болып қалды, олардың үлесі мәмілелердің жалпы санынан 53,3 % құрады. Брокер-дилерлердің меншікті шоттарының үлесі 28,0 %, екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) үлесі – 1,9 %, институционалдық инвесторлардың үлесі – акциялар нарығының жалпы айналымынан 3,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 13 %. Акциялар нарығындағы резидент еместердің үлесі 5,2 % құрады.

KASE Индексі

Есептік кезеңде KASE Индексі 804,8 нүктеге немесе 59,3 %-ға өсті. Блумберг мәліметтері бойынша, KASE Индексі дүниежүзінде өсім жылдамдығы бойынша үшінші орын алды. Өсім драйверлері жеке корпоративтік уақиғалар, шикізат нарығында жағымды баға конъюнктурасы, сондай-ақ валюталық және ақша нарығындағы тұрақтылық болды. KASE Индексінің максималды мәні 2017 жылдың соңғы күнінде тіркелді – 2 162,7 нүкте.

KASE Индексінің өкілетті тізімі жыл барысында өзгерді: 01 мамырдан бастап акцияларды индекске іріктеу критерийлері өзгеруге байланысты бұл тізімнен "БАСТ" АҚ жай акциялары, 01 қарашадан бастап "Банк ЦентрКредит" АҚ акциялары алып тасталды.

KASE Индексінің тамыз айныдағы акциялар себетінің өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық код	Бағасы, бір акцияға KZT		Бағаның өзгеруі, % (жыл басынан)
		01.01.17	01.01.18	
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	1 511,96	3 800,00	+151,3

"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ	RDGZ	15 270,00	25 800,00	+69,0
"Халық жинақ банк" АҚ	HSBK	50,34	82,59	+64,1
"Кселл" АҚ	KCEL	1 100,04	1 784,00	+62,2
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	14 423,05	20 505,00	+42,2
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 172,99	1 389,00	+18,4
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 226,26	1 337,00	+9,0

KASE Индексінің өсу бас көшбасшылары екі жыл қатарынан KAZ Minerals PLC акциялары болды, олардың бағасы 2,5 есе немесе бір акцияға 2 288 теңгеден 3 800 теңгеге дейін өсті. Олардың өсіміне макроэкономикалық конъюнктураның жақсаруы, шикізат нарығында бағалардың өсуі, Ақтоғай кен байыту фабрикасының ашылуы, сондай-ақ 2017 жылдағы жағымды өндірістік және қаржылық нәтижелер болды.

Екінші орында "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ акциялары, олардың құны 69 %-ға немесе 10 530 теңгеге өсіп, бір акцияға 25 800 теңгені құрады. Компанияның акциялары мұнай бағасының қалпына келуі есебінен өсіп отырды. Желтоқсан айының басындағы кенет ралли компанияның өз ЖДҚ кері сатып алып, Лондон және Қазақстан қор биржаларында делистинг жүргізу ниетімен байланысты болды.

Үшінші орында – "Қазақстан Халық банкі" АҚ акциялары, олар 64,1 %-ға немесе 32,3 теңге қымбаттап, бір акцияға 82,6 теңгені құрады. Акциялар құнының өсімінің себебі "Казкоммерцбанк" АҚ сатып алу болып, қызмет ету уақытындағы максималды шоғырландырылған таза кірісі үш айда 135,4 млрд теңгеге жетті. Инвесторлар банктердің бір банкке бірігуі туралы шешімді оптимизммен қабылдап, банк акцияларының өсіміне ықпал етті.

Кестеде көрсетілгендей, KASE Индексінің өкілетті тізіміне кіретін, жеті атаудағы акциялардың төртеуінің бағалары индекстің мәнінен аса артты.

Корпоративтік облигациялар

Есептік кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде 66 эмитентпен шығарылған 262 атаудағы облигациялары тұрды. 2017 жылы листинг процедурасынан 37 облигациялар шығарылымы листинг процедурасынан өтті. Көбінесе банктік сектордың эмитенттері шығарған, 42 атаудағы облигация KASE тізімдерінен шығарылды.

Саудаланатын борыштық көлемі 7,6 % өсіп, 8,9 трлн KZT жетті.

Корпоративтік облигациялардың KASE сауда-саттығының көлемі 1 153,8 млрд теңгені құрап, 2016 жылмен салыстырғанда 2,3 есе артты. Бастапқы нарықтағы көлемнің елеулі өсуі Қазақстан Республикасының банктік серторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасын іске асырумен байланысты болды, осы бағдарлама шегінде екінші деңгейдегі бес банктер субординацияланған облигацияларды орналастыру арқылы Биржада 620,0 млрд теңге қаржы тартты.

Борыштық нарық үшін 2017 жылдағы позитивті фактор инфляцияның төмендеуі болды, соның арқасында Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 175 б.н. жылдық 10,25 % дейін төмендетті. 2016 жылы өте жоғары болған, базалық мөлшерлеменің төмендеуі бизнес үшін несие алудың құнына позитивті ықпалын тигізді. Басқа маңызды уақиға Ұлттық банктің және Қаржы министрлігінің нарықта айналыста жүрге барлық индекстелмеген МБҚ үшін дағдарыссыз жаңа кірістілік ауытқымасын қалыптастырғаны болды. Осы бенчмарк жергілікті компаниялар үшін қарыз капиталының бағасын анықтағанда бағдар болып табылады.

Барлығы 2017 жылы Биржада 13 эмитенттің облигациялары орналстырылды (2016 жылы – 10). Өаржы тартудың жиынтық көлемі, банктік сектордың қаржылық тұрақтылығын арттыру Бағдарламасы шегінде бес банктің несиесінің сомасын қоспағанда, 244,5 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 42,4 % төмен.

Орналастырулардың ең үлкен үлесі "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ (31,3 %), "Самұрық-Энерго" АҚ (16,7 %), "KEGOC" АҚ (14,8 %) және "Қазақстантеміржолы" Ұлттық компаниясы" АҚ (10,2 %) қамтамасыз етті. Биржалық орналастырулардың кірістілігі ағымдағы жылда жылдық 10,5 және 15 % аралығында болып, бағалық арна қалыптасты деп айтуға борлады.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың құрылымында ЕДБ үлесі 5,3 %, брокер-дилерлер – 2,0 %, өзге институционалдық инвесторлар – 12,1 %, басқа заңды тұлғалар борыштық 80,4 % сатып алды, жеке тұлғалар – 0,2 %.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында сауда-саттық көлемі есептік жылы 289,3 млрд тенгеге немесе 3,5 есе өсті. Қайталама нарықтағы ең үлкен үлес "Еуразиялық банк" АҚ купондық облигациялары (EUBNe1) алды – 36,3 %, "Қазақтелеком" АҚ (KZTKb2) – 10,4 %

және "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (SKKZb11) – 9,5 %. Ең өтімді "Казкоммерцбанк" АҚ (BTASe16), "БАСТ" АҚ (BASTb1), "Еуразиялық банк" АҚ (EUBNe1) және "Банк ЦентрКредит" АҚ (CCBNe3) облигациялары болды.

2016 жылдың соңында KASE_BY индексі (корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі) 10,06 % құрады. Листингтің трансформациясына және орта және кіші капиталызаціясы бар компанияларды жеке алаңға бөліп шығаруға байланысты Биржа KASE_BY индексі есептеуден бас тартып, екі жаңа индикаторды есептеп, жариялай бастады: KASE_BMY (негізгі алаңның корпоративтік облигацияларының кірістілік индикаторы) және KASE_BCY (альтернативті алаңның корпоративтік облигацияларының кірістілік индикаторы). 2017 жылдың қорытындысы бойынша, негізгі алаңда саудаланатын облигациялардың кірістілігі индекстік мәнмен жылдық 10,35 % жетті, альтернативтік алаңдағы борыштық бағалы қағаздардың кірістілігі 11,15 % құрады.

Корпоративтік облигациялар нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша брутто-айналымның 11,5 % брокер-дилерлердің жеке шоттарының еншісінде, 11,4 % – екінші деңгейдегі банктер, 38,3 % – өзге институционалдық инвесторлар, 36,5 % – басқа заңды тұлғалар, 2,3 % – жеке тұлғалардың еншісінде. Резидент еместердің сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі үлесі 2,3 %-дан аспады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар (МБҚ)

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштық номиналды құны 9,9 трлн теңгені құрады, бұл 2016 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 28 %-ға немесе 2 163,7 млрд теңгеге артық.

Биржадағы МБҚ сауда-саттығының көлемі 2017 жылы 1 985,8 млрд теңгені құрады, 2016 жылмен салыстырғанда 3,6 есе артты. Көлемнің өсуі бастапқы нарықтағы орналастырулардың саны мен көлемдері өсуімен байланысты болды. 2017 жылы 1 733,1 млрд теңге сомасына МБҚ орналастырылды, бұл 2016 жылдың осы көрсеткішімен салыстырғанда 7,9 есе жоғары. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орналастыруларының үлесі 95 % (1 646,3 млрд теңге), жергілікті атқарушы органдардың үлесі 5 % (86,8 млрд теңге) құрады. Қаржы министрлігінің борыштық қаржы құралдарының кірістілігі жылдық 8,4 %–10,2 % аралығында құбылды. Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шегінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында жергілікті атқарушы органдармен муниципалдық облигациялардың кірістілігі жылдық 0,15 %–0,35 % құбылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың құрылымында ЕДБ үлесі 68,9 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 16,5 %, брокер-дилерлер – 0,1 %, басқа заңды тұлғалар – 14,5 %.

МБҚ қайталама нарығындағы сауда-саттықтың көлемі 2017 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 25,1 %-ға тқмендеп 252,8 млрд теңгені құрады. 2016 жылмен салыстырғанда көлемдердің төмендеуі Ұлттық Банктің ноталары бойынша байқалады, олар МБҚ қайталама нарығы көлемінің 79,9 % (337,5 млрд теңге) құрады. Қалған 20,1 % (50,8 млрд теңге) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі облигацияларының еншісінде болды.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымында ЕДБ үлесі 50,5 %, брокер-дилерлердің жалпы көлемдегі үлесі 4,6 %, өзге институционалдық инвесторлардың еншісінде 37,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 6,8 %, 0,1 %-ға жуығы жеке тұлғалардың еншісінде.

Халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) облигациялары

Есептік кезеңнің соңында сауда-саттық тізімдерде екі халықаралық қаржы ұйымның сегіз шығарылым облигациялары болды – Еуразиялық даму банкінің алты шығарылымы және Еуропалық қайта құру және даму банкінің екі шығарылымы.

Өткен кезеңде сауда-саттықтың көлемі 40,2 млрд теңгені құрады. Мамыр айында Еуразиялық банк, жылдық 10,1 %-бен үш жылдық облигацияларын орналастырып, 15 млрд теңге қаржы тартты, қазан айында – жылдық 9,4 %-бен үш жылдық облигацияларын орналастыру арқылы 20 млрд теңге тартты.

Инвестициялық қордың пайлары

Есептік кезеңнің соңында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес компанияның басқаруындағы алты қаржы құралдары болды.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 1 050,2 млн теңгені құрады, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 95,3 % артық. Көлем бойынша көшбасшы "Фридом Финанс" АҚ басқаруындағы

ASYL_or пайлары болды (552,3 млн KZT; 6 мәміле) , екінші орында – "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы CSECfe (414,0 млн KZT; 42 мәміле) және CSECgm – 56,6 млн KZT және US_SPY_ – 27,2 млн KZT пайлары болды;

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 51,5 % жеке тұлғалардың еншісінде, 1,3 % – брокерлік-дилерлік компаниялар және 47,2 % олардың клиенттері – заңды тұлғалардың үлесі.

Бағалы қағаздар нарығындағы жеке тұлғалардың шоттары

2018 жылдың қаңтар айының басында Орталық бағалы қағаздар депозитарийінің есепке алу жүйесінде 109 245 жеке тұлғаларға ашылған шот болды, бұл 2017 жылдың басындағы көрсеткіштен 3 926 шотқа артық.

Шетел валюталарының нарығы

Валюталық спот-нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 12,3 трлн теңгені құрады, бұл 2016 жылдағы нәтижеден 1,8 трлн теңгеге немесе 17,6 % артық.

2017 жылы мұнайдың баға белгілеулері мен АҚШ долларының теңгеге бағамы арасындағы анық корреляция болған жоқ; мұнай бағасының төмендеуі теңгенің тән емес нығаюымен қосарланды. 2017 жылдың шілде айының соңында минималды мәніне жетіп, Brent эталонды маркасы бірте-бірте жоғарылай бастады. Ал теңге өз кезегінде, әлсіздеу жағына қарай, трендтің басын қайтарды. Дегенімен, 2017 жыл теігенің нығаюымен аяқталды – АҚШ долларының бағамы 333,29 теңгеден 0,96 теңгеге немесе 0,29 %-ға азайып, 332,33 теңгені құрады.

Ең көп саудаланатын қаржы құралы АҚШ доллары болып қалды (USDKZT_TOD; USDKZT_TOM), оның сауда-саттығының көлемі 12,1 трлн теңгені немесе жиынтық сауда-саттық көлемнің 98 % құрады. Ресей рублінің сауда-саттығының көлемі (RUBKZT_TOD) 215,3 млрд теңгеге жетті немесе 1,7 %, еуро (EURKZT_TOD) – 20,6 млрд теңге немесе 0,2 %, қытай юані (CNYKZT_TOD; CNYKZT_TOM; CNYKZT_SPT) – 5,3 млрд теңге немесе 0,04 % құрады.

Төменде берілген кестеде Қазақстан қор биржасында саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамасы берілген (жақшаның ішінде алдыңғы жылға қатысты өзгеруі көрсетілген).

Объем торгов иностранными валютами в разрезе инструментов

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда- саттық көлемін- дегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағам, валюта бірлігіне KZT	Жылдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	37 004,8 (+21,8%)	49,5%	82 173 (+16 958)	310,40 – 345,00	332,33 (-0,3 %)
RUB/KZT	37 549,0 (+185,5%)	50,3%	2 310 (-434)	5,3755 – 5,9996	5,7862 (+4,9%)
CNY/KZT	110,0 (+13,8%)	0,1%	886 (-57)	45,1000 – 52,3167	50,9200 (+6,2 %)
EUR/KZT	56,6 (+140,1%)	0,1%	231 (+117)	330,00 – 406,55	396,45 (+12,8 %)

Ақша нарығы (репо және валюталық своп операциялары)

2017 жылы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 135,7 трлн KZT жетті, бұл былтырғы жылдың ұқсас көрсеткішінен 64 % жоғары.

Своп-нарығындағы сауда-саттықтың көлемі 36,3 трлн теңгеге немесе 141,5 % артып 61,9 трлн теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 252,8 млрд теңгеге тең, осы көрсеткіш 2016 жылы 104,7 млрд теңге. Сауда-саттық көлемінің көбеюіне байланысты бір күндік валюталық своптар бойынша мөлшерлемелер 01 қаңтардағы жағдай бойынша жылдық 6,4 %-дан жылдың соңында жылдық 9,89 %-ға жетті.

Репо операциялары сауда-саттығының көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 16,7 трлн теңгеге немесе 29,2 % өсіп, 73,8 трлн теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 2017 жылы 301,2 млрд теңгені құрады (+29,2 % – 2016). Репо ашылу мәмілелер бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінің 90 % астамы МБҚ-мен авторепо еншісінде. Ең танымал қаржы құралы бір күндік репо болып қалды, онымен жасалған мәмілелердің үлесі МБҚ-мен авторепо нарығындағы сауда-саттық көлеміндегі үлесі 90 % астам.

TONIA (репо overnight) және TWINA (7 күндік репо) ақша нарығының индикаторлары 2017 жылы тиісінше 2,8 % және 1,3 %-дан 9,3 % және 9,8 %-ға әрі қарай төмендеді дейін. Ішкі

экономикалық жағдайдың жақсаруы тұсында (инфляцияның төмендеуі, іскери белсенділіктің қарқындауы, депозиттердің долларизациясының төмендеуі және т.б.) Ұлттық Банк үш рет базалық мөлшерлемені жылдың басындағы жылдық 12%-дан жылдың соңында жылдық 10,25%-ға дейін төмендетті. Теңгенің нығаюы мен профицитіне байланысты, ақша нарығындағы мөлшерлемелер репо сегментінде жыл барысында ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінің төменгі шекарасы аймағында болды және онымен бірге төмендеді. Базалық мөлшерлеменің жоғарғы шекарасына TONIA және TWINA индикаторлары кезең бойы тиісінше 4 және 10 күнге ғана көтерілді.

Өлттық Банктің 2018 жылға ақша-несиелік саясатының негізгі бағыттарына сәйкес, базалық мөлшерлеменің деңгейі деп тұспалданатын, нақты көрсетілімдегі базалық мөлшерлеме, ұзақ мерзімді әлеуетті экономикалық өсу өарқындарына сай болып, 12-айлық кезеңде инфляцияның болжамды мәнін алып тастағанда, 4% деңгейінен көтерілмейді. Сондықтан, инфляция бойынша 5-7% диапазонында мақсатқа жеткенде 2018 жылы базалық мөлшерлеменің әрі қарай төмендеуі, сонымен бірге TONIA және TWINA индикаторларының төмендеуі әбден мүмкін.

Фьючерстер

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE Индексі, акциялардың жеке атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. Барлығы 15 қаржы құралы.

2017 жылы сауда-саттықтың көлемі 22,1 млрд KZT жетті, ал 2016 жылы мәмілелер көлемі 1,8 млн KZT болған. Жылдың басынан бастап, базалық активі АҚШ доллары болып табылатын, фьючерстермен 14 мәмілелер жасалды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz